

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының мүдделі мемлекеттік органдармен
2023-2026 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске
асыру жолдары**

2024-2025 оқу жылының тәрбие жұмысының жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығының негізіне ала отырып, құрылып бекітілді. Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында, оның ішінде оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, жылдық, айлық, апталық жұмыстармен қатар, бағдарламаны іске асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделген ұлттық құндылықтар жүзеге асырылды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы» - ұлттық адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдардағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалды. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделген.

Тәрбие беру жұмысының пайымы: жеке тұлғаның ақпараттық-коммуникациялық құзырлығы негізінде рухани-адамгершілік дамуын қалыптастыру.

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Мектептің тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына негізделген.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаттағы өзгерістермен таныстырып, сынып сағаттары жыл көлемінде отыз төрт сағатпен құрылып, оның ішінде педагог-психологтың әр сыныпта жылына төрт тақырып бойынша сынып сағаттары енгізілді.

Әр оқу жылы сайын сынып жетекшілер бірлестігінің отырысында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаттағы өзгерістермен таныстырып, талқыланып, 1-9 сыныптарда сынып сағаттары жыл көлемінде 34 сағатпен, 43 сыныптан тыс жұмыспен, 6 жобамен іске асырылды.

Мектепшілік бақылау жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы

6 сәуірдегі № 130 бұйрығының негізінде тоғыз бөлімнен құрылып, ай сайын тәрбие жұмысының мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес, жұмыс түрлері бақыланды.

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы негізінде «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 2 тарау §135 тармақ, §2 48 тармағын басшылыққа алынды. «Жолда жүру ережелері» 5-8 сыныптарда 10 сағаттан берілді. I,II,III,IV тоқсанның мамыр айына дейінгі тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

2024-2025 оқу жылы білім беру мен қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бастамалары, яғни әлеуметтік эобаларды («Қамқор», «Еңбегі адал – жас өрен», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Smart bala», «Балалар кітапханасы») жүзеге асырудағы жетістіктер менқиындықтар немесе кедергілерді анықтау мақсатында күнделікті үзіліс кезінде «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы», ата-аналармен «Өнегелі 15 минут», білімалушылармен «Үнем тұтыну» паракшалары таратылса, жыл көлемінде «Күй күмбірі» домбырашылар челленджі, «Әншуак», «ДосболLIKE», «Ақындар айтысы», «Пікірталас турнирлері», «Мектеп парламентінің президентін сайлау» әр апта сайын мемлекеттік Әнұран шырқалып, сынып сағаттарымен, қауіпсіздік сабақтары жүргізіліп, оқу-тәрбие барысында дәйексөздермен жұмыстар жадғасын тапты.

Ай сайын «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «Бірлік және ынтымақ», «Заң және тәртіп» атты құндылық тақырыптарына байланысты 43 сыныптан тыс іс-шара ұымдастырылып, интернет желісіне жарияланды.

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, туған жерге, елге, мектебіне деген патриоттық сезімдерді қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар оқу жылы көлемінде ұымдастырылды. Атап айтсақ, 1-9 сыныптарда «Мектебім-мейірім мекені»тақырыбында алғашқы сынып сағаттары өткізіліп, әлеуметтік желілерде «Мектеп – мейірбандық мекені» республикалық челленджі аясында 1-2 минуттық бейнероликтер көрсетіліп, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар ұымдастырылды.

«Балалар кітапханасы» жобасы негізінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен ұлттық құрылтайда "Балалар кітапханасы" атты жаңа бағдарламаны жүзеге асыруды тапсырған болатын. Осыған байланысты ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасында "Балалар кітапханасы" бағдарламасына ұсынылатын кітаптардың тізімі жасақталды. Оған қазақ әдебиеті тарихының барлық дәуірі мен кезеңін, жанрлық бағытын қамтитын 1770 шығарма енді. Оның 76%— отандық, 24%— әлем әдебиетінің таңдаулы еңбектері.

"Балалар кітапханасы" бағдарламасының басты мақсаты мектеп кітапханаларын маңызды балалар әдебиетімен қамтамасыз ету, балалар әдебиеті тізімін қалыптастыру және ұрпақтың кітапқа құштарлығын ояту. Бұл жоба аясында мектебімізде «Оқуға құштар мектеп», жобасында үлкен қоңырауда кітап оқылады. «Досыңа кітап сыйла» акциясында балалар өздерінің оқып болған кітаптарын бір біріне сыйға тартады. Жаңа оқу жылында кітапханамыз «TopIQ» платформасы бойынша жұмыс жасады. Бұл электрондық оқулықтар платформасының оқушылар үшін тиімділігі аса зор. Мемлекеттік білім беру бағдарламасы аясында интерактивті және мультимедиялық барлық материалдарды аталған электрондық оқулықтардан табуға ыңғайлы.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Қамқор» жобасының жұмыс жоспары . «Қоғамға қызмет ету» волонтерлік жұмыстар, «Жер сағаты» экологиялық акциясы, «Түлектердің ағаш егуі» экокелленджі, «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы және т.б. жұмыстар жүргізілді.

Адал еңбек пен еңбекқорлық мәдениетін кеңінен насихаттау мақсатында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы жүзеге асырылады. Жоба еңбек адамының мәртебесін көтеруге, еңбек культін дәріптеуге бағытталады. Жоба шеберінде білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтауға қолдау көрсетуді, өз міндетін адал және жауапкершілікпен атқаруға баулуды және еңбек адамын құрметтеуге үйретуді көздейді. Білім алушыларға өзіне жүктелген міндетті орындау үшін барын салып еңбек ететін білікті маман нағыз еңбек адамы екендігін дәріптеуді қажет етеді. Нағыз еңбек адамы әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын, өзегінің еңбегін бағалайтын адал азамат екендігін түсіндіру қажет. Жоба шеңберінде атқарылатын іс-шаралар мазмұнында білім алушыларға өз уақытын дұрыс, тиімді жоспарлау, қаржылық сауаттылық, шешім қабылдау, мақсатты әрекет ету дағдыларын дамытуға бағытталуы қажет. Жас ұрпақтың бойында еңбекқорлықтың арқасында жетістікке жеткен адамдардың беделін арттыру арқылы еңбекке деген сүйіспеншілікті қалыптастыруды және қоғамдағы әлеуметтік инфантилизмді азайтуды, өмірде табандылықпен жетістікке жеткен табысты адамдардың үлгі-өнегелерін құруды көздейді. Бүгінде білім алушыларды еңбекті құрметтеуге баулу компьютерлік ойындарға деген құмарлықты, жалқаулықты жеңуге, лудомания дертін азайтуға ықпал етеді. Ұлы Абай: «Еңбек - қуаныш, жалқаулық - айырылмас азап» деген. Еңбек пен адам бір-бірінен бөлінбейді. Еңбек адамды жануарлар әлемінен жоғары деңгейге көтерді, оның физикалық дамуына ғана емес, ақыл-ойы мен рухани дамуына да ықпал жасайды. Еңбек адамның тұлға ретінде қалыптасуы, оның өзін-өзі анықтауы, өмір бойы бүкіл қоршаған әлемді біртіндеп танумен байланысты. Қазіргі әлемдегі мектепте де еңбекке баулу мәселелері өзектілігін жоғалтқан жоқ. Соған байланысты бүгінгі таңда қоғамда ғылымның заманауи

жетістіктері мен ұлттық дәстүрлерін ескере отырып, еңбек тәрбиесін жаңарту қажеттілігі туралы мәселе туындайды

Айта кететін болсақ, әр дүйсенбі күні саптүзеуде кезекші сынып аптаның дәйек сөзімен таныстырып, мағынасын түсіндіріп өтеді. Әр пән мұғалімі өздерінің сабақ жоспарларында тақырыптарына сай бір тәрбие құндылығымен байланыстырып, балаларға соны жеткізу мақсатында жұмыс жасайды.

Smart bala. Басты мақсаты – оқу үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық потенциалын дамыту, интеллектуалдық, эстетикалық және ақпараттық сауаттылығын арттыру. Тиімді кері байланыс оқушыларға өздерінің оқуының қай жерде екендігін түсінуге және танымдық жағынан енді қай бағытта даму керектігін айқындауға көмектеседі. Интернет-қызметтерін пайдалана отырып оқу материалдарын меңгеруін бақылау. Оқушылардың білім, білік дағдыларын арттыра отырып, дарынды оқушыларды анықтап дамуына жағдай жасау.

Шабыт – білім алушылардың шығармашылығын дамыту арқылы түйінді құндылықтарды насихаттауға бағытталған жоба. Жобаны жүзеге асыру барысында «Даналық ұстаздан» челленджін, «Ұлттық мәдениет» көрмесін, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалін, «Ананың аялы алақаны» челленджін, «Әншуақ» фестивалін, «Домбыра күні» көрме және концерт, мектеп театры жұмысын ұйымдастырылады. Сонымен қатар бастауыш сынып мұғалімдері ертегілерді балаларға жай ғана оқып бермей, сахналау арқылы, театрландырып, қызықты кештер өткізеді.

9 сынып оқушысы Екпін Перизат Мәжһүр Жүсіп аудандық байқауынан 1 орын алып, Сандықтау ауданына кезеңге қатысып келді.

8 сынып оқушысы Омаров Ұлан Айқанат олимпиадасының аудандық кезеңінен өтіп, Бурабай ауданында болған облыстық кезеңге қатысып келді.

3 сынып оқушысы Майльбай Арлан Алтын сақа олимпиадасының аудандық кезеңінен облыстық кезеңге өтіп Көкшетау қаласындағы № 3 мектете облыстық кезеңге қатысты.